

"Тарификация бірліктерінің өлшемдерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі төрағасының 2009 жылғы 2 ақпандағы № 43 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрінің 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 413 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 28 желтоқсанда № 7357 тіркелді

"Байланыс туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 5 шілдедегі Заңының 35-бабы 1-1-тармағына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Тарификация бірліктерінің өлшемдерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі төрағасының 2009 жылғы 2 ақпандағы № 43 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5573 тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тарификация бірліктерінің өлшемдерінде:

4 - т а р м а ғ ы н д а :

1) тармақша келесі мазмұнда жазылсын:

"1) жергілікті, аймақшілік, қалааралық телефондық трафикті, IP-телефония операторларының телефондық трафикті – 10 секунд (2012 жылғы 1 шілдесінен – 1 с е к у н д) ; " ;

2) тармақша келесі мазмұнда жазылсын:

"2) халықаралық телефондық трафикті – 30 секунд (2012 жылғы 1 шілдесінен – 10 с е к у н д) ; " ;

5 - т а р м а ғ ы н д а :

1) тармақшаның екінші және үшінші абзацтары келесі мазмұнда жазылсын:

"байланыс операторларының телекоммуникация желі ішінде – 10 секунд (2012 жылғы 1 шілдесінен – 1 с е к у н д) ;

басқа байланыс операторларының телекоммуникация желілеріне шығу – 10 секунд (2012 жылғы 1 шілдесінен – 1 с е к у н д) ;"

2) тармақшаның екінші және үшінші абзацтары келесі мазмұнда жазылсын:

"таяу және алыс шетел желілерінде қосылуларды ұсыну кезінде – 30 секунд (2012 жылғы 1 шілдесінен – 10 с е к у н д) ;

басқа байланыс операторлар желісінен таяу және алыс шетел желілеріне қосылуларды ұсыну кезінде – 30 секунд (2012 жылғы 1 шілдесінен – 10 секунд);"

4) тармақша келесі мазмұнда жазылсын:

"4) халықаралық роуминг кезінде ұялы байланыс – 30 секунд (2013 жылғы 1 қ а н т а р д а н – 10 с е к у н д) . "

2. Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігінің Байланыс және ақпараттандыру комитеті (Р.Р.Нұршабеков) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізгеннен кейін оның бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын және Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат вице-министрі С.С.Сарсеновке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр *А. Жұмағалиев*

К Е Л І С І Л Д І :

*Қазақстан Республикасы Ұлттық
қауіпсіздік комитетінің төрағасы*

Н.Ә.Әбіқаев

2011 жылғы " ____ " _____